

это классическая тема регионального сотрудничества.

Мы готовим вторую конференцию совместно с Экономическим советом ООН, которая пройдет в ноябре в Алматы, где тема будет прямо продолжена с возможными результатами.

В: Какие интересы имеют центральноазиаты, с какими вопросами они обращаются к европейцам?

О: Надо сказать, движение исходит от европейской стороны, а не от центральноазиатской стороны.

Хотя можно уже, конечно, говорить о двусторонней активности в обоих направлениях, но мое мнение – идея региональной стратегии все же пришла из ЕС. И интерес, мне кажется, идет как раз вследствие определенного давления со стороны Европы.

Такой пример: в прошлую зиму, которая была чрезвычайно холодной, Таджикистан долгое время оставался вообще без электроснабжения, а его сосед Узбекистан сказал, что ему самому нужно электричество, и он не может его больше им поставлять.

Тут очевидно, что нужно что-то делать, и именно в этой области имеются европейские предложения, которые достаточно привлекательны.

К этому можно добавить, что у Европейского союза неплохой имидж в Центральной Азии. Конечно, не в геополитическом смысле силы. А как партнера по модернизации, как партнера по

трансформации, как конкурентоспособного игрока на мировых рынках и т.д.

Мы знаем, что все центральноазиатские государства имеют чрезвычайную проблему, связанную с потерей высококвалифицированных специалистов. Поэтому умно составленные программы также могут помочь в том, чтобы сдерживать утечку мозгов, и наша цель заключается в том, чтобы образовательная элита видела перспективы в собственной стране...

В: Есть ли желание немецкой экономики инвестировать в энергетическую сферу?

О: Да, естественно, но фактически мы находимся на первом месте в Казахстане. Что касается иностранных инвестиций, их вкладывают, но реальные размеры все еще очень малы – речь идет не о миллиардах, это пока область миллионов, но вполне могут быть гораздо большие инвестиции, если бы, например, инвестиции в Казахстан действительно могли бы соответствовать рынку всей ЦА. Обладай ЦА единым рынком, который был бы открытым и прозрачным, было бы намного привлекательнее вести там дела. Но пока действуют только двусторонние отношения. Там Казахстан лидирует, но все еще с очень незначительным объемом.

(Из интервью, подготовленного М.Ш. Губайдуллиной и Б.Ветцель. Полный текст в газете «Известия-Казахстан», 5-09-2008)

К.Н. Макашева, А. Хайрулдаева

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ – ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛГІСІ

Дипломатия сан ғасырлардан бері адам іс-әрекетінің ең күрделі және жауапты түрлерінің бірі болып табылады және бүкіл елдер мен барлық халықтарды қамтиды. Дипломатия – бұл күштеу құралдарын қолданбастан соғыстың алдын алу тәсілі болып табылады. Дипломатияның мәні алдына қойылған мақсаттарға қол жеткізе отырып, сыртқы саяси дау-жанжалдың ұлғаюына және оның біртіндеп белсенді әскери әрекеттерге ұласуына жол бермеу. Сондықтан да болар, адамзаттың дипломатияға өнердің жоғарғы деңгейі ретінде баға беруі. Дипломатияның пайда болу тарихы өте ерте кезендерден бастау алатындықтан, қазірге дейін дипломатияның

негізгі мәні сақталғанымен, дипломаттар жұмысының жолдары мен әдістері өркениеттік жағына қарай өзгеріп, жұмсара түсті. Дипломаттар жұмысының әдіс-тәсілдері ғана емес, дипломатияның өзі де трансформацияға ұшырады. «Көсемдер дипломатиясы» мен «билеушілер дипломатиясы» «халық дипломатиясына», «ұжым дипломатиясына» өзгерді. Ұжымдық дипломатия көмегімен мемлекеттің өзін әлемге таныта алады. Ұжымдық дипломатияның анықтамасын ең алғаш рет Американдық «Fletcher School of Law and Diplomacy» деканы Эдвард Гуллион 1966 жылы «үкіметтердің, компаниялар мен жеке адамдардың өздеріне деген қарым-қатынасты

және сыртқы саясатына ықпал ету мақсатында басқа халықтар мен мемлекеттердің пікірлеріне әсер ету қабілеті» деп тұжырымдаған [1].

Қазақстан Республикасы да өз тәуелсіздігіне қол жеткізгелі әлем мемлекеттерімен дипломатиялық байланыстар орнатып, көптеген елдерде дипломатиялық миссияны қалыптастыру құрылымдарын құрып, ұжымдық дипломатиялық бағытта жұмыс жасай бастады. Ұжымдық дипломатия, мемлекеттің өзіндік ерекшелігі, мәдениеті және басқа да құндылықтары арқылы әлемге өзін таныту қызметі десек, Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастықта мерейін өсіріп отырған басты жетістігі – жүзден астам этностардың ынтымақты өмір сүруі, этносаралық қатынастардың қазақстандық үлгісінің қалыптасуы. Қазақстан Республикасында этностардың мәдени, рухани дәстүрлерінің ұлттық игілік ретінде сақтай отырып, этносаралық татулықтың дамуына қамқорлық жасаудың бір тетігі ретінде мәдениетаралық сұқбаттың айрықша институты – Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі осыған бағытталады [2].

1992 жылы Қазақстан халықтары форумында Н.Назарбаев бастама көтереді, ал 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан Президентінің «Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы» Жарлығы шықты. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қазандағы № 70 Заңына сәйкес Ассамблеяның мақсаты «қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық азаматтық бірдейлікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру үрдісінде Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады» [3]. Қазақстан халқы Ассамблеясы ішкі мәндегі, мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға ықпал ететін мекеме. Бірақ, Ассамблея туралы мемлекеттік күші бар Заңдарға, Ережелерге жігі көз жіберсек, аталмыш құрылымы оның сыртқы міндеттеріне жатады:

- елде және шет елдерде этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін насихаттау;

- шет елдердегі қазақ диаспорасына ана тілін, мәдениеті мен ұлттық дәстүрлерін сақтау және дамыту, оның тарихи Отанымен байланыстарын нығайту мәселелерінде қолдау көрсету;

- этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету мәселелері бойынша азаматтық қоғам институттарымен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

- Қазақстанның басқа да этностарына өздерінің тарихи отанымен байланысын дамытуға жәрдемдесу;

- этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім үлгісін елде және шет елдерде насихаттайды [4].

Жоғарыда келтірілген заң тармақтары Қазақстан халқы Ассамблеясының Қазақстан Республикасының сыртқы саясатында ұжымдық дипломатия қызметін атқарушы мекеме ретінде заңдық негізде белгіленгенін дәлелдейді.

Ассамблеяға жүктелген міндеттер мекеме құрылғаннан бастап ойдағыдай жүзеге асты деуге толық негіз бар, Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылғаннан бастап-ақ, Қазақстанның қоғамдағы татулық пен келісімді сақтауға бағытталған ұлттық саясаты халықаралық деңгейде талқыланып мәселеге айналды. 1996 жылы 25-27 қаңтарда Брюссельде «Қазақстандағы этносаралық қатынастар: халықаралық контекстегі мүмкіндіктер мен міндеттер» деген тақырыпта семинар ұйымдастырылды. Брюссельдегі сарапшылар Қазақстандағы этносаралық қатынастардың тарихи тамыры тереңде екендігіне және қоғамдық деңгейде де, жеке адамдар арасындағы өзара қатынастарда да бейбіт сипатқа ие болып келгендігіне ерекше назар аударды [5].

2004 жылы 3 жетоксанда Қазақстан халықтары Ассамблеясы мен ҚР Білім және ғылым министрлігі бірлесе отырып «Көпұлтты қоғамның қазақстандық моделі: тарихи тәжірибе және қазіргі заман» тақырыбында халықаралық конференция өткізді. Конференция жұмысына ұлттық-мәдени орталықтардың жетекшілері, үкімет мүшелері, Президент әкімшілігінің қызметкерлері, Парламент депутаттары, дипломаттар, шет елдерден келген ғалымдар қатысты [6].

2005 жылы 30 желтоқсанда Қазақстан халқы Ассамблеясының 10 жылдығына орай Астанада этносаралық қатынастар үйлесімділігі туралы мәселелер талқыланған халықаралық конференция өткізілді. Конференцияға Президент әкімшілігі мен Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, дипломатиялық корпус өкілдері, ҚХА өкілдері, дін қайраткерлері қатысты. БҰҰ жүргізген талдау қорытындыларына сүйенсек, адам шығыны соғысқа қарағанда ұлтаралық қақтығыстар кезінде көп орын алатындығы дәлелденген. Қазақстан халықтары Ассамблеясының қызметіне сипаттама жасай келе, БҰҰ бұрынғы Бас хатшысы Кофи Аннан Қазақстан халықтары Ассамблеясы бір елдің ішіндегі БҰҰ іспеттес деп атап көрсеткен болатын [7].

Қазақстан халқы Ассамблеясының негізгі міндеттерінің бірі болып табылатын «этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету мәселелері бойынша азаматтық қоғам институттарымен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға ЕҚЫҰ және оның АҰБК институтымен өзара іс-қимыл және әріптестікті жолға қойды. ҚХА мен ЕҚЫҰ бірлесіп жүзеге асырып жатқан жобаларының жалпы сипаты төмендегідей:

- көптілді білім беруге қолдау көрсету;
- мемлекеттік қызметкерлерді этносаралық қатынастарды басқару мәселелеріне оқып, үйрету;
- этносаралық қатынастарға жүйелі мониторинг жүргізу.

Ал ҚХА мен ЕҚЫҰ қарым-қатынастары нәтижесінде нақты іске асырылған іс-шараларға тоқталатын болсақ біршама нәтижелерге қол жеткізілгендігін байқаймыз. 1995 жылы 8-9 желтоқсанда Швейцария конфедерациясы үкіметінің қолдауымен және ЕҚЫҰ-ның аз ұлттар жөніндегі бас комиссарының төрағалығымен Қазақстандағы ұлтаралық қатынастар мәселесі туралы «дөңгелек үстел» өткізілді. Бұл шараға Президент әкімшілігі, Парламент депутаттары, ҚР Үкімет мүшелері, жергілікті билік органдарының, Қазақстан халықтары Ассамблеясының, этномәдени орталықтар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатысты. Аталмыш шара ҚХА құрыла салысымен-ақ, ЕҚЫҰ сияқты халықаралық ұйымның ерекше назарына іліккенін көрсетеді.

2006 жылы 12 маусымда Алматыда ЕҚЫҰ Мәдениетаралық, дінаралық және этносаралық түсіністік мәселелері бойынша форум өткізіп, оған ҚР Президенті қатысып, сөз сөйлейді. Форум өте ауқымды түрде өтті деп толық айтуға негіз бар, өйткені жиынға ЕҚЫҰ құрамына енетін 55 мемлекеттен 300-ден астам адам қатысады. Олардың ішінде ЕҚЫҰ төрағасының арнайы өкілі П.Шевалье, ЕҚЫҰ бас хатшысы М.П. Бришамбо, ЕҚЫҰ ұлттық азшылық істері жөніндегі бас комиссары Р.Экеус, ЕҚЫҰ демократиялық институттар мен адам құқығы жөніндегі Бюро директоры К.Штрохаль, БАҚ-ның еркіндігі жөніндегі ЕҚЫҰ өкілі М.Харасты, Қазақстандағы дипломаттар, ҚХА, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.

Президент Н.Назарбаев форумда сөйлеген өз сөзінде мәдениетаралық, дінаралық және ұлтаралық түсіністік мәселелерін талқылау жөніндегі ЕҚЫҰ форумын өткізу туралы Қазақстан бастамасына қолдау білдірген елдерге

ризашылығын білдіріп, толеранттылықты қалыптастыру, ұлтаралық дағдарыстардың алдын алу немесе дағдарыстардан кейінгі түсіністікті қалпына келтіру мәселелеріне қатысты жауап беру үшін шақырылып отырғандығына ерекше мән берді. Сонымен қатар, Қазақстан ЕҚЫҰ төраға болған жағдайда Қазақстанның іске асыратын ең маңызды міндеттері туралы баяндады [8].

2007 жылы 9 қазанда Елбасы ЕҚЫҰ аз ұлттар ісі жөніндегі Бас комиссары К.Воллебекті қабылдайды. Кездесу барысында Қазақстан мен ЕҚЫҰ арасында ұлттық саясатты үйлесімді түрде жүзеге асыру мәселелері бойынша ынтымақтастықтың жемісті тәжірибесі қалыптасқандығы атап көрсетілді.

2010 жылы Қазақстанның бұрынғы пост кеңестік елдердің ішінде алғашқылардың бірі болып ЕҚЫҰ төрағалығына сайлануы, аталмыш халықаралық ұйымның жетекшілік жасау бастамасына алғышарт ұлтаралық және дінаралық қатынастар саласында қол жеткізген жетістіктер болып табылады. Шындығында, тәуелсіздігін жаңа алып, мемлекеттілігіне жуырда ғана қол жеткізген республикамыздың 130 этнос пен 40-тан астам конфессия өкілдерінің басын құрап, ұлтаралық, дінаралық келісімді сақтауы әлемнің көптеген тәжірибелі елдері үшін үлгі болады деп айта аламыз.

ҚХА және ЕҚЫҰ, ЕҚЫҰ-ның АҰБК институтының арасындағы қатынастар Ассамблея құрылған уақыттан бері жақсы қарқынды дамып келе жатыр және жоғарыда айтылған шаралар оның тек бір саласы ғана деуге болады. Сонымен қатар, ЕҚЫҰ мен ҚХА өзара әріптестікті дамыту шараларын әрі қарай кеңейтіп, ауқымын ғаламдық деңгейге жеткізуге мүдделі және осы бағытта нақты ұсыныстар да қарастырылған. Атап айтсақ:

– Еуропа елдеріне этносаралық төзімділіктің қазақстандық үлгісін таныстыру және енгізу арқылы, оны ЕҚЫҰ кеңістігіндегі этносаралық дау-жанжалды реттеуде қолдану.

– Этнос өкілдерінің қатысуымен, Қазақстанда және ЕҚЫҰ-ға мүше елдерде құрамына этносаралық қатынастар саласын зерттеп жүрген сарапшылар енетін кеңесші органдар жүйесін дамыту.

– ҚХА мен ЕҚЫҰ жанындағы АҰБК институтын этностарды қоғамдық-саяси өмір және шешім қабылдау үрдісіне тиімді қатыстыру мәселелерін талқылау алаңы ретінде қолдану.

– Этносаралық қатынастар саласын ғылыми-сараптық зерттеу мақсатында бірлескен құрылым құру мүмкіндігін қарастыру.

Сонымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының халықаралық бағытта жасап жатқан іс-қимылдары тек жоғарыда аталған шаралармен ғана шектелмейді. Дегенмен, Ассамблеяның негізгі міндеттерінің біртіндеп жүзеге асып келе жатқанын, оның Қазақстан Республикасының ішкі саясатындағы кеңесші орган деңгейінен мүлдем жаңа сатыға жоғарылағанын, әлемдік масштабтағы үрдістерге тартыла бастағанын дәлелдейді. Қазақстан халқы Ассамблеясын ұжымдық дипломатияның бір формасы ретінде мемлекетіміз тарапынан нәтижелі қолданылып келе жатыр деп толық сеніммен айта аламыз, өйткені әлем Ассамблея қызметі арқылы этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісімен жақсы танысып, оны этносаралық қақтығыстарды шешудің жолы ретінде қолдануға ұсыныс жасап отыр.

1. Долинский А. В. Практические вопросы оптимизации публичной дипломатии/ www.google.ru.

2. Қазақстанның ел бірлігі доктринасы: Ғылыми-тәжірибелік түсініктеме / Құраст.: Н.П. Калашников, Ж.Ө. Байбосынов. – Астана, 2010. – 9 б.

3. Қазақстан Республикасының “Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы” Заңы // Егемен Қазақстан. – 2008. – 21 қазан

4. Сонда.

5. Тоғжанов Е.Л., Кан Г.В., Корбков В.С., Шаяхметов Н.У. Қазақстан халқы Ассамблеясы: Тарихи очерк. – «Раритет», 2010. – 182 б.

6. Жаңалықтар // Егемен Қазақстан. – 2004. – 4 желтоқсан.

7. Новейшая история Казахстана – история стабильности // Казахстанская правда. – 2005. – 31 марта.

2006 жылы 12 маусымда Алматыда ЕҚЫҰ Мәдениетаралық, дінаралық және этносаралық түсіністік мәселелері бойынша форумда Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың сөйлеген сөзі // www.akorda.kz.

Ассамблея народа Казахстана – авторитетный общественный институт гармонизации межэтнических отношений. В своей деятельности Ассамблея рассматривает важные вопросы социально-политической жизни общества, связанные с экономическим и политическим реформированием казахстанского общества. Деятельность Ассамблеи способствует росту международного авторитета Республики Казахстан как страны, эффективно решающей проблемы межэтнических отношений.

The Assembly of Peoples of Kazakhstan – the authoritative social institution harmonization of interethnic relations. The work of the Assembly considers the important issues of social and political life of the related economic and political reforms in Kazakhstan society. Assembly activity contributes to the international prestige of the Republic of Kazakhstan as a country to effectively address interethnic relations.

Н. Мұқаметханұлы

ЕЛІМІЗДЕ ҚАЗАҚ-ҚЫТАЙ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қазақстанда қазақ-қытай қатынастарын зерттеу тәуелсіздіктен кейін отандық тарих ғылымында қанат жайып келе жатқан жаңа бір зерттеу саласы болып табылды. Дегенмен біз бұл арада Қазақстан – Қытай қатынастар тарихының кейбір мәселелерінің кеңестік кезеңде зерттелгенін айта кетуіміз керек. Бірақ ол зерттеулердің сол дәуірдің саяси шектемесіне қатты ұшырағанын да айтпауға болмайды. Себебі, ол кездегі зерттеу аспектілері дұрыс болмады. Оларды атап айтар болсақ: қазақтардың жоңғарлармен немесе қытайлармен саяси байланыстарын жалаң қақтығыстар тұрғысынан ғана қарастырды; екіншіден, қазақтардың шығыстағы Цин империясымен немесе Шыңжаңдағы басқа да халықтармен болған сауда-экономикалық байланыстарын әдейі ашып көрсетпеді; Қазақстанды патшалық Ресей мен Қытай арасында транзиттік өлке ретінде, яғни Ресей мен Қытайдың арасында кезіп жүрген

орыс көпестерінің жолы ғана болды деп, сыңар жақтылы түсіндірді.

Осы саладағы тарихнамалық тарихтан алып қарағанда, қазақ-қытай қатынастары туралы кеңестік-қазақстандық тарихшылардың ең алғашқы еңбегі 1962 жылы жарияланған екен. Нақтылап айтқанда, сол жылы В.С.Кузнецовтың «ХҮІІІ ғасырдағы қазақтар мен қытайлардың сауда байланысы /қытай деректері бойынша/. Қазақстан мен Шығыс Түркістанның тарихи мәселелері» [1] – атты еңбегі жарық көрген. Одан кейінгі еңбек деп, Клара Хафизованың 1972 жылы Мәскеудегі ғылыми конференция жинағына енген «ХҮІІІ ғасырдың орта шеніндегі Орта Азияның кейбір халықаралық мәселелері» [2] – деген тақырыптағы баяндамасын айтуға болады. Бұл еңбек аталған салада алғаш жарық көрген қазақ тарихшысының еңбегі болумен маңызды. Мәскеулік белгілі тарихшы Б.П.Гуревичтің